

## **Тексерілді:**

Әдіскер А.К.Ерназарова

«Қазақ тұлі» үйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

**Білім беру үйымы: МҚҚҚ «Балапан» МДҮ**

Топ: «Балдырган» ересек тобы «Балбөбек» ортанғы тобы

**Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар**

Жоспардың күрылу кезеңі 01 қыркүйек айы, 2023-2024 оку жылы

| Апта күні                                     | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет   | Баламен жеке жұмыс  | Қазак тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға көнесп беру жұмысы   |
|---|---|---|--|
| Жұма<br>01.09.2023<br>«Балдырган» ересек тобы | <p><b>Мен және менің балабақшам. «Ә» дыбысы.</b></p> <p>«Шаттық шенбері» балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының өлеңін айтту. «Ізгі сөздер»</p> <p>Бақшамызға барғанда, Жолықкан бар жандарға,</p> <p>«Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін.</p> <p>Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін.</p> <p><b>"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.</b></p> <p>Педагог: Керемет! Ал сендер үйде, балабақшада осындағы ізгі сөздерді колданасындар ма?</p> <p>Ертengісін адамдармен қалай амандасадымыз?</p> <p>Қане бәріміз бірге кайталайықшы.-«Қайырлы таң!».</p> <p>Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз? -«Сәлеметсіз бе!».</p> <p>Күндіз кездескен адамдарға не деп айтудымыз керек?-«Қайырлы күн!».</p> <p>Ал, кешке ше?-«Кеш жарық!»</p> <p><b>«Ә» дыбысын өлең жолдарынан анықтау, дұрыс айтту.</b></p> <p>Әжем бесік тербетіп, Әлди әнін салады. Әй-әй сәби ер жетіп, Әже енбегі жанады. Өлең жолдарынан Ә әріпінің сөздің басында, ортасындағы орнын табу. Әжем, әкем, әніміз, Әрқашанда сәніміз. Енді білдік әдемі, Ә - әріпінің мәнін біз. Ән, ән, ән, Қалта толы дән.</p> <p><b>Дидактикалық ойын. «Буынға буынды қос».</b></p> <p>Мақсаты: басталған буынға сызық арқылы буынды қосып, сөз құрастырып айтуды үрету, ой шапшандығын дамыту, зейінділікке тәрбиелеу. Ә-тір, Ә-ди. Ә-ке, ә-теш.</p> <p><b>Лексикалық жаттығу, "Менің атым...".</b> Балалар өз аттарын атайды.</p> <p><b>«Жалпы атауын тап» ойыны</b></p> <p>Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең сонында аттардың жалпы атауын</p> | <p>«Жалпы атауын тап» ойыны</p> <p>Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең сонында аттардың жалпы атауын бір сөзben ойланғанда отырып, шешу арқылы тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.</p> <p>Көрнекіліктер: жемістер, ойыншыктар, оку күралдары, үй жиһаздары. Ойын шарты: тәрбиеші балаларға хатқалтанын ішіне салынған жемістер, ойыншыктар, оку күралдары, үй жи-</p> | <p>Ата - анамен тығыз байланыста болу.</p> <p>Ересектермен және күрдастарымен сыпайы карым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларын қайталау, дағдыға айналдыру.</p> |

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
|  | <p>бір сөзбен ойлана отырып, шешу арқылы тапқырлықка, шапшандыққа баулу. Көрнекіліктер: жемістер, ойыншықтар, оку құралдары, үй жиһаздары.</p> <p>Ойын шарты: тәрбиесі балаларға хаткалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оку құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын айтуы тиіс.</p> <p>Мысалы: алма, өрік, алмұрт жемістерге жатады. Өйткені олар жеміс ағаштары.</p> <p><b>Шығармашылық жұмыс</b></p> <p>Педагог ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабакша қызметкерлерінің енбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабакша – екінші үйім» деген такырыпта әнгіме жүргізеді.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Балалармен бірге Е. Отөтілеуұлының «Бала, бала, баламыз» өлеңін бірігіп айтып, өлең мазмұнына сәйкес кимыл – қозғалыс жасайды.</p> <p>Бала, бала, баламыз Бала, бала, баламыз, Бакшамызга барамыз. Құні бойы қызықка Батамыз да каламыз! Илеміз онға бір, Илеміз солға бір. Аяққа бір, колға бір.</p> <p>Міне, «вагон», кіреміз, «Пойызбен» жол жүреміз. «Кемеге» де мінеміз, Толқындарды тілеміз.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> балалар сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінеді, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі кагидаларымен танысады; өздері жайлы жалпы мәлімет беруді менгереді;</p> | <p>наздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Шығармашылық жұмыс</p>                |   |
| <b>Жұма<br/>01.09.2023ж.<br/>«Балбебек»<br/>ортанғы тобы</b> | <p><b>Менің балабақшам.</b></p> <p><b>Шаттық шенбери</b></p> <p>Армысын, Әлем! Армысын, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді)</p> <p>Армысын, абзал Адам! (Қолдарын алға созады) Армысын, менің досым!</p> <p><b>Фажайып сәт.</b> "Кел, танысайык!" Куыршак Дананы балалармен таныстыру.</p> <p>"Балабақшамен таныстыру" тақырыбында слайд материалдарын ұсыну.</p> <p>Балабакша ішіне саяхат. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы.</p> <p>Куыршак Dana. Сергіту сәтіне арналған орташа темптері ыргақты әуен.</p> <p>Балабақшаның, музика залының, спорт залының демонстрациялық суреттері.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> "Ойыншықтар әні". Сергіту сәтінде «Ойыншықтар» әнінің қимыл-қозғалыстарын келтіріп айтып шығады.</p> <p><b>"Ненің кайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p><b>Шарты:</b> әр баланың алдына ашық түрган шкафтың суреті мен сырт киімдердің суреттері таратылады. Балалар киімдерді шкафка дұрыс орналастыруы қажет.</p> <p><b>Көркем сөз "Балабақшам".</b></p>  | <p>"Ненің кайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.</p> <p><b>Шарты:</b> әр баланың алдына ашық түрган шкафтың суреті мен сырт киімдердің суреттері таратылады.</p> <p>Балалар киімдерді</p> | <p>Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тындауды үрету. Казак тіліне тән ерекше «Ә» дыбысын дұрыс айтуга жаттықтыру.</p> |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>Достарыммен ойнаймын, Жылауық бала болмаймын. Апайлар бізді күтеді,<br/>     Кызыкты күн өтеді. Сурет салып, мұсіндең, Эн саламыз, би билеп.<br/>     Серуендейміз аулада, Көнілді балабақшамда! Өлеңін мәнерлеп оку, қайталату.<br/>     Кейіпкермен коштасу.</p> <p><b>«Ә» дыбысын таныстыру, оған байланысты артикуляциялық жаттыгулар.</b><br/> <b>Ә дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Бұны білу үшін бәріміз Ә деп әндетеік.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қандай дыбыс екен? - Дауысты - Ә – Ауыз мол ашылып, тіл мен иектін төмен тусуінен пайда болатын жіңішк дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында қолданылады</li> <li>- Олай болса ол әріпті дауыстылар қатарына салайық. (Әріптер салған қалтага салу)</li> </ul> <p><b>Ойын рефлексиясы. «Өңтәнба» (смайлек).</b><br/>     Шарты: балаларга екі түрлі көңіл- күй бейнеленген ак түсті өнтаңбалар ұсынылады.<br/>     Балалар өздері қалаған өнтаңбаны (смайлеккті) таңдап, оны қалаған түсіне бояйды.<br/> <b>Күтілетін нәтиже:</b> казак тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдайды, ерекше «Ә» дыбысын дұрыс айтуга үйренеді. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрін менгереді.</p> | <p>шкафқа дұрыс орналастыруы қажет.</p> |
|--|---|---|

Тексерілді: *А.К.Ерназарова*  
Әдіскер А.К.Ерназарова

### «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МҚҚҚ «Балапан» МДҰ


Топ: «Балдырган» ересек тобы «Балбебе» ортанғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастагы балалар

Жоспардың күрылу кезеңі 04-08қыркүйек айы, 2023-2024 оку жылы

| Апта күні  | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет  | Баламен жеке жұмыс  | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарга кенес беру жұмысы  |
|--|--|---|--|
| Жұма<br>08.09.2023ж.<br>«Балбебек»<br>ортанғы тобы | <p><b>Менің балабақшам.</b><br/> <b>Шаттық шенбері</b><br/>         Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! (Қолдарын жайып, көкке көтереді)<br/>         Армысың, абзал Адам! (Қолдарын алға созады) Армысың, менің досым!<br/> <b>Гажайып сәт.</b> "Кел, танысайык!" Куыршак Дананы балалармен таныстыру.<br/>         "Балабақшамен таныстыру" такырыбында слайд материалдарын ұсыну.<br/>         Балабақша ішіне саяхат. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы.<br/>         Куыршак Dana. Сергіту сәтінде арналған орташа темптерге ыргакты әуен.<br/>         Балабақшаның, музыка залының, спорт залының демонстрациялық суреттері.<br/> <b>Сергіту сәті:</b> "Ойыншықтар әні". Сергіту сәтінде «Ойыншықтар» әнінің қимыл-козғалыстарын көлтіріп айтып шығады.<br/> <b>"Нені қайда қоямыз?" дидактикалық ойыны.</b><br/>         Әр баланың алдына ашық тұрған шкафтың суреті мен сырт киімдердің суреттері таратылады<br/>         Балалар киімдерді шкафка дұрыс орналастыруды қажет.<br/> <b>Көркем сөз "Балабақшам".</b><br/>         Достарыммен ойнаймын, Жылауық бала болмаймын. Апайлар бізді күтеді,<br/>         Қызықты күн өтеді. Сурет салып, мұсінделп, Ән саламыз, би билеп.<br/>         Серуендейміз аулада, Қенілді балабақшамда! Өлеңін мәнерлеп оку, қайталату.<br/>         Кейіпкермен коштасу.<br/> <b>«Ә» дыбысын таныстыру, оған байланысты артикуляциялық жаттығулар.</b><br/>         Ә дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Бұны білу үшін бәріміз Ә деп әндетеік.<br/>         - Қандай дыбыс екен? - Дауысты - Ә - Ауыз мол ашылып, тіл мен иектін төмен түсінен пайда болатын жінішк дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында колданылады<br/>         - Олай болса ол әріпті дауыстылар катарына салайык. (Әріппер салған қалтага салу)<br/> <b>Ойын рефлексиясы. «Өнтанба» (смайллик).</b><br/>         Балаларға екі түрлі көніл күй бейнеленген ақ түсті өнтанбалар ұсынылады. Балалар өздері</p> | <p>Көркем сөз "Балабақшам".<br/>         Достарыммен ойнаймын, Жылауық бала болмаймын. Апайлар бізді күтеді,<br/>         Қызықты күн өтеді. Сурет салып, мұсінделп, Ән саламыз, би билеп.<br/>         Серуендейміз аулада, Қенілді балабақшамда!</p> <p>Өлеңін мәнерлеп оку, қайталату.</p> | <p>Балаларға казак тіліне тән ерекше «Ә» дыбысын үйретуге арналған артикуляциялық жаттығуларды қайталауға ата-аналарға кенес беру.</p> |

|  |   |  |  |
|--|---|--|--|
|  | <p>калаған өнтаңбаны (смайлікті) таңдал, оны қалаған түсіне бояйды.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> казақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдайды, ерекше «Ә» дыбысын дұрыс айтуда үйренеді. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрін менгереді.</p>  |  |  |
| <b>Жұма</b><br><b>08.09.2023ж.</b><br><b>«Балдырган»</b><br><b>ересек тобы</b> | <p><b>Мен және менің балабақшам. «Ә» дыбысы.</b></p> <p>«Шаттық шенбері» балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының өлеңін айтуда.</p> <p>«Ізгі сөздер» Бакшамызга барғанда, Жолықкан бар жандарға, «Қайырлы тан!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін.</p> <p><b>«Ә» дыбысын өлең жолдарынан анықтауда, дұрыс айтуда.</b></p> <p>Әжем бесік тербетіп, Әлди әнін салады. Әй-әй сәби ер жетіп, Әже еңбегі жанады. Өлең жолдарынан Ә әрпінің сөздің басында, ортасындағы орнын табу. Әжем, әкем, әніміз, Әрқашанда сәніміз. Енді білдік әдемі, Ә - әрпінің мәнін біз. Ән, ән, ән, Қалта толы дән.</p> <p><b>Дидактикалық ойын. «Буынға буынды қос».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> басталған буынға сызық арқылы буынды қосып, сөз құрастырып айтуды үйрету, ой шапшандығын дамыту, зейінділікке тәрбиелеу. Ә-тір, Ә-ди. Ә-ке, ә-теш.</p> <p><b>Лексикалық жаттығу.</b> "Мениң атым...". Балалар өз аттарын атайды.</p> <p><b>«Жалпы атауын тап» ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен сонында аттардың жалпы атауын бір сөзben ойланғанда отырып, шешу арқылы тапқырлықка, шапшандыққа баулу.</p> <p><b>Көрнекіліктер:</b> жемістер, ойыншықтар, оку құралдары, үй жиһаздары.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оку құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді. Осы материалдарды жалпы атауына сәйкес топтастыру қажет. Өзінің топтағанын айтуды тиіс.</p> <p><b>Мысалы:</b> алма, ерік, алмұрт жемістерге жатады. Әйткені олар жеміс ағаштары.</p> <p><b>Шығармашылық жұмыс</b></p> <p>Педагог ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім» деген тақырыпта әнгіме жүргізеді.</p> <p><b>Сергіту саты</b></p> <p>Балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз» өлеңін бірігіп айтуда, өлең мазмұнына сәйкес кимыл – қозгалыс жасайды.</p> <p>Бала, бала, баламыз Бала, бала, баламыз, Бакшамызга барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да каламыз! Иілеміз онға бір, Иілеміз солға бір. Аяқта бір, колға бір.</p> <p>Міне, «вагон», кіреміз, «Пойызбен» жол жүрреміз. «Кемеге» де мінеміз, Толқындарды тілеміз.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> балалар сәлемдесу мен қоштасу ережелері туралы түсінеді, ересектермен және құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасаудың негізгі қағидаларымен танысады; ездері жайлы жалпы мәдімет беруді менгереді;</p> | <p><b>«Жалпы атауын тап» ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ен сонында аттардың жалпы атауын бір сөзben ойланғанда отырып, шешу арқылы тапқырлықка, шапшандыққа баулу.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> тәрбиеші балаларға хатқалтаның ішіне салынған жемістер, ойыншықтар, оку құралдары, үй жиһаздарының суреттері бар бірнеше сериялы дидактикалық материалдарды таратып береді.</p> | <p><b>«Ізгі сөздер»</b></p> <p>Бакшамызга барғанда, Жолықкан бар жандарға, «Қайырлы тан!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»- деп кіремін. (жаттау)</p> |

Тексерілді:   
Әдіскер А.К.Ерназаова

## «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МҚҚҚ «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырган» ересек тобы «Балбебе» ортанғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 11-15қыркүйек айы, 2023-2024 оку жылы

| Апта күні  | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет  | Баламен жеке жұмыс   | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналярға көнеспә беру жұмысы   |
|--|--|--|---|
| Жұма<br>15.09.2023ж.<br>«Балдырган»<br>ересек тобы | <p><b>Салем- сөздің анасы. «Ә» дыбысы.</b><br/>Ғажайып сэт. Ксилофонда соло ойнаган әдемі әуенниң дыбысы шығады.<br/>Қонаққа Даны қуыршак келеді.<br/>«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Педагог: - Балалар, бізге қонаққа кім келді? Бұл қуыршак. Қуыршак сендерге: «Сәлеметсіндер ме!» - дейді. - Балалар, қуыршакқа: «Сәлеметсіз бе!» - деп айтайықшы. - Сәлеметсіз бе! - Қане, балалар, тағы қайталап айтайықшы: «Сәлеметсіз бе!» Жарайындар!<br/>-Балалар, қуыршак Даны ән айтып бергісі келеді. Тындайык.<br/>Менің атым - Даны,                           Тұрып аламын таңда.   Куыршактын кішкентай,<br/>Көнілді жүрәмін, жыламай. Достарым, келіндерші ортаға. Ұлдар мен қыздар!<br/>Шенберге тез тұрайык,                           Көнілді ойын ойнайык!<br/>Педагог балалармен жеке әнгімелесу, карым-катынаска түсу.<br/><b>«Менің атым кім?» сөздік жаттығуы.</b><br/>Дана өзінің атын айтты. Біз де өзіміздің атымызды айтайык. Даны «Сенің атын кім?» деп сұрайды, ал балалар жауап береді. Кейіпкермен коштасу.<br/><b>«Біз кадам басамыз, біз үлкен бол өсеміз» сергіту сәті.</b><br/>Орташа темптерігі ритмикалық әуенниң аудиожазбасы.<br/>Біз кадам жасап, келеміз: Топ - топ - топ,   Топ - топ - топ (бір орында адымдау, аяқты топылдату)<br/>Біз үлкенбіз, өсіп келеміз: Алаканды согайық,   Алаканды согайық (бастан жоғары шапалак ұру)</p> | <p>Көркемсөз «Менің отбасым»<br/>Аскар тау әкем жағам бар,<br/>Ардакты менің анам бар,   Әжем мен атам –<br/>байлығым<br/>Отбасым осы<br/>карандар.<br/>Менің атым - Алан.<br/>Улken ағам -<br/>Ақылбек.<br/>Кіші інім -<br/>Асылбек.<br/>Карындастым -<br/>Дана.<br/>Өлеңді оку<br/>барысында педагог</p> | <p>Коршаган<br/>ортадағы<br/>күнделікті жи<br/>колданатын<br/>туыстық<br/>катынаска<br/>байланысты<br/>сөздерді дұрыс<br/>айтуын<br/>қадағалау.</p> |

|  |  |  |   |
|--|--|--|---|
|  | <p>Аяктын ұшына тұрайық,      Былай, былай,      Былай, былай. (аяктын ұшына тұрып, колдарын жоғары созу)</p> <p>Санырауқұлактардай отырайық.      Былай, былай,      Былай, былай. (тізе бүтіп, жүресінен отыру)</p> <p>- Жарайсындар! Данамен жақсы ойнадындар.</p> <p><b>Артикуляциялық жаттығулар. [а], [ә] дауысты дыбыстары. Жуан және жінішке түбір сөздермен танысу</b></p> <p>Менің сонынан қайталаймыз:- А-а-а- Апа – ата, Акан – Асан, табан – шапан, алакай – малакай, асқабақ. – Біз осы сөздерде кандай дауысты дыбыстарды жиі айттық? (Жуан дауысты [а] (артикуляцияны көрсету). Менің сонынан қайталаймыз. Менің сонынан қайталаймыз: – Эже – әке, Әсет – Әнел, бәсе – пәле, сәлем – тәлім, әскере. – Біз сөзде кандай дауысты дыбыстарды айттық? (Жінішке дауысты [ә])</p> <p>Бірнеше балаға жеке қайталату, ауыз күйсі мүшелерінің калыптарын қадағалау.</p> <p><b>Көркемсөз. «Менің отбасым».</b></p> <p>Аскар тау әкем жағам бар,      Ардакты менің анам бар,      Эжем мен атам – байлығым<br/>Отбасым осы қарандар. Менің атым - Алан.      Үлкен ағам - Ақылбек.      Кіші інім - Асылбек. Қарындасым - Дана. Өлөнді оку барысында педагог балалар өзі атаған отбасы мүшесінің суретін нұскап отырады.</p> <p><b>Күтілетін нағиже:</b> балалар құрдастарымен еркін қарым-қатынасқа түседі. Қоршаған ортадагы күнделікті жиі колданатын туыстық катынасқа байланысты сөздерді дұрыс айтады.</p> | <p>балалар өзі атаған отбасы мүшесінің суретін нұскап отырады.</p>   |   |
| <b>Жұма</b><br><b>15.09.2023ж.</b><br><b>«Балбебек»</b><br><b>органды тобы</b> | <p><b>Ғажайып мамандықтар.</b></p> <p>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!». Танғажайып сәт.</p> <p>Педагог Аланның суретін көрсетеді.</p> <p><b>Жұмбак.</b> Дәрігер бізді емдейді, Жанға шипа іздейді. Санага ақыл құяды, Мұғалімді ел сыйлайды. Ашыққанды тойдырап, Аспаздай маман жок шығар.</p> <p>(Мамандықтар.) Демонстрациялық сурет: мамандықтар.</p> <p><b>Суреттер бойыниша сөздік жұмыс. «Мамандықтар».</b></p> <p><b>Мнемокесте негізінде әртүрлі құрылымды сейлем модельдеу жаттығуы. «Кім, не істейді?»</b></p> <p>Педагог балалардың алдына әртүрлі сөздер санынан тұратын сейлем құрау сызбаларын іледі.</p> <p>Мамандықтар туралы сейлем құрауга мнемокесте сызбалары: - бірінші жол - бір торкез; екінші жол - екі торкез; - үшінші жол - үш торкез. Бос торкөздерге орналастыру үшін бөлек мнемокарточкалар дайындалады: - «дәрігер», «емдейді», «балалар»; - «аспаз», «дайындауды», «салат»; - «шаштараз», «қияды», «балалар», «шашын»; - «құрылышы»,</p>   | <p>Мнемокесте негізінде әртүрлі құрылымды сейлем модельдеу жаттығуы. «Кім, не істейді?»</p> <p>Педагог балалардың алдына әртүрлі сөздер санынан тұратын сейлем құрау сызбаларын іледі.</p> | <p>Мамандықтардың атауларын қайталатып, диалог құру, такпактар жаттату, сурет салу.</p> |

«салады», «үй»; - «суретші», «салады», «сурет». Педагог балалардың бірін шақырады. Эңгіме құрау үлгісін көрсетеді. Балалар сөздерді үлгі бойынша дұрыс айтқаннан кейін, педагог ыргакты әуенде косып, балаларға ашық кеңістікте еркін қозғалуға мүмкіндік береді.

Мамандықтарды атау барысында бағыттау үшін, педагог сәйкес карточканы көрсетуі тиіс немесе педагог балалардың әркайсына бір мамандық иелері бейнеленген карточкадан үлестіреді. Мамандық иелерін атаған сэтте, сол мамандық иесі бейнеленген карточкасы бар бала қолын көтереді. Диалогтарға арналған бос уакыт.

Педагог жұлттарды аралап, бағыттаушы сұраптар қояды. Сұрак қоюға, жауап беруге көмектеседі. Әдептілік ережесі, диалог құру, белсенділігіне, сейлемді дұрыс құрауына көніл аударады.

**Материалды бекіту және қорытындылау.** (Дәрігер, аспаз, мұғалім, суретші, шаштараз, құрылышы.)

(Мамандықтар.) Мадактау.

**Күтілетін нәтиже:** балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктері кенейеді. Балалар бірнеше мамандық иелері колданатын құрал-жабдықтар арқылы ажыратуды және атауды үйренеді; диалог сейлеуге жаттығады; еске сақтайды, ойлау кабілеттері, көру және есту арқылы кабылдаулары, катынастық дағылышы дамиды. Ұйымшылдықка, әдептілікке, түрлі мамандық иелерін күрметпен карауға тәрбиеленеді.

Тексерілді:   
Әдіскер А.К.Ерназаова

## «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МҚҚҚ «Балапан» МДҮ

Топ: «Балдырган» ересек тобы «Балбебек» ортанғы тобы


Балалардың жасы : 3-4 жастагы балалар

Жоспардың күршілік кезеңі 18-22қыркүйек айы, 2023-2024 оку жылы

| Апта күні  | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет   | Баламен жеке жұмыс   | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға көзекес беру жұмысы |
|--|---|--|---|
| Жұма<br>22.09.2023ж.<br>«Балбебек»<br>ортанғы тобы | <p><b>Алтын күз. Сап-сары жапырақтар.</b><br/>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!» Жұмбак жасыру. Қызыл, сары кемелер, Су бетінде калкиды. Сокса егер салқын жел, ыңғалады, толкиды. Ол не? (Жапырақтар.) - Мынау жапырақтар. Дұрыс таптындар, балалар!</p> <p><b>Ғажайып сәт.</b> Сиқырлы әуеннің дыбысы естіледі. Жоғары жақтан алтын жапырақ ұшып түседі.</p> <p><b>Суретпен жұмыс.</b> Күздін суреті ілінеді.</p> <p><b>Сөздік жұмыс.</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>- Егін дегеніміз - бидай, күріш, тары тағы басқа дақылдар.</li><li>- Алтын күз дегеніміз - даланың бәрі сап-сары түске боялып, ағаштардың жапырақтары мен шөптөрдің сарғайған кезі</li></ul> <p><b>«Сәйкестендір» дидактикалық ойыны.</b><br/>Алдарында жатқан әртүрлі ағаш жапырақтарының үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіру.</p> <p>Балалар ортақ белгілеріне қарап, әртүрлі ағаштың жапырақтарын үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіреді.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.(Сейлеуге киналатын балаларға ерекше көніл бөліп, сейлеуге ынталандыру керек.)</p> <p><b>Сергіту сәті.</b><br/>Өн бойымды тік ұстап, Таянамын бүйірді. Бастап кетем Дұрыстап Сәйгүлікше журуді. Бір!</p> | <p>«Сәйкестендір» д/о. Алдарында жатқан әртүрлі ағаш жапырақтарының үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіру.</p> <p>Балалар ортақ белгілеріне қарап, әртүрлі ағаштың жапырақтарын үлкендері мен кішкентай жапырақтарын сәйкестендіреді.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.</p> | <p>«Сап-сары жапырақтар» тақпакты жаттау.</p>                       |

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
|  | <p><b>Екі! Бір! Екі!</b><br/>         (Автор: С. Қалиұлы)Өлен жолдарына сәйкес кимылдарын орындауды. Сергіту сәтін 1-2 рет айтады.</p> <p><b>Саусақ жаттығуы.</b><br/>         Бұлт жиналды, жиналды, (алакандарын ашып жұмады) Жанбыр жерге тамады. (бір колдың алаканына екінші колдың саусактарын жанбырдың тамшылары сияқты тырс-тырс еткізеді) Күннің көзі ашылды, (саусактарын жан-жакка ашады)<br/>         Жанбыр лезде басылды. (жұдырыктарын түйіп, үстелге қояды) Балаларға бір-екі рет кайталату.</p> <p><b>Көркемсөз. Мұқагали Макатаев «Сап-сары жапырактар».</b><br/>         Сап-сары жапырактар. Сап-сары жапырактар ... Сап-сары жапырактар ...<br/>         Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырактар жоғалуда.<br/> <b>Жаттату</b><br/> <b>Алтын жапыракпен қоштасу.</b><br/>         - Балалар, Алтын жапырақ әрі қарай ұшып барады. Алтын жапыракпен қоштасайық. - Сау болыныз!<br/> <b>«Алуан-алуан жапырақ» атты ойын рефлексиясы.</b><br/>         - Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнаған болса, ағашка сары жапырактарды жапсырамыз. Қоңіл күйлерің болмай тұрса, ағашка қызыл жапыракты жапсырамыз.<br/> <b>Күтілетін иттихана: сәлемдесуде сыпайылық әдебін сактайтын. Күз мезгілінің ерекшелігін менгереді. Такпакты жаттайтын.</b></p> |   |   |
| <b>Жұма<br/>22.09.2023ж.<br/>«Балдырган»<br/>ересек тобы</b> | <p><b>Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі.</b><br/>         «Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Таңгажайып сәт. Педагог Dana мен анасын көрсетеді.<br/> <b>Көркемсөз.</b>Dana көп сөзді ұқлас. Таңертең ерте тұрмас, Конфет жеуден жалықпас, Тамакка бір карамас,<br/>         Түнде ойын ойнайды. Ұйқыга бір жатпайды.(А. Кокенова)<br/>         Педагог такпакты мәнерлеп оқиды. Суреттер бөлімін көрсету. Педагог такпакты оқыған кезде Дананың күн тәртібін сактамайтын тұстары бейнеленген суреттерді көрсетеді.<br/> <b>Бейнеролик көрсету.</b>Педагог танның аты, күндізге жалғасуы және түнге ауысуы жайлы бейнеролик көрсетеді <b>Көркемсөз.</b>«Уақыт». Уақыт тұрмай, жылжиды Топ-топ, топ-топ, Сағат тілімен сырғиды, Тик-так, тик-так. Таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең, күндіз, кеш, түн. Уақыт тұрмай, жылжиды: Таңертең, күндіз, кеш, түн.<br/>         Педагог әр суретті кезекпен көрсетеді. Тәулік бөлігін атайды. Тәулік бөліктері бейнеленген төрт суретті-карточкаларды қояды. Педагог балаларға әр сөзді жеке дыбыстап айтуға мүмкіндік береді.</p>  | <p><b>Д/о. «Күн тәртібі».</b><br/>         Мактасы: күн тәртібі мен тәулік бөліктеріндегі іс-әрекеттерді дұрыс сәйкестендіру дағдыларын дамыту.<br/> <b>Шарты:</b><br/>         суреттердегі тәулік бөліктеріне сәйкес келетін әрекеттер бейнеленген суреттерді</p> | Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін пысықтау. |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p><b>Фонемалық-ыргакты санамақ.</b> «Таңертең, күндіз, кеш, тұн». Уақыт тұрмай, жылжиды (сұқ саусақтарын қозгалту, бір орында тұрып адымдау). Топ-топ, топ-топ, Сагат тілімен сырғиды (кол белде, басты онга және солға еңкейту), Тик-так, тик-так. Таңертең, күндіз, кеш, тұн. Уақыт тұрмай, жылжиды (бір орында айналу): Таңертең, күндіз, кеш, тұн.</p> <p><b>Іс-әрекеттер бейнеленген суреттер негізінде лексикалық жаттығу.</b> «Күн тәртібін құрау». Педагогтің күн тәртібіндегі әрекеттерді білдіретін бір немесе бірнеше суретті пайдалануы, балалардың тапсырмаларды орындау кезіндегі белсенділік деңгейіне байланысты болады.</p> <p><b>Дидактикалық ойын. «Күн тәртібі».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> күн тәртібі мен тәулік бөліктеріндегі іс-әрекеттерді дұрыс сәйкестендіру дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Шарты:</b> әр топтың балалары суреттеріндегі тәулік бөліктеріне сәйкес келетін әрекеттер бейнеленген суреттерді жинаиды. Балалар күн тәртібі мен тәулік бөліктерінде орындалатын дұрыс әрекеттерді анықтап, оған сай келмейтін әрекетті ажырату керек. Керекті құралдар: бала санына карай төрт түсті карточка-танбалауыштар, күн тәртібінде жасалатын әрекеттердің және Дананың күні бойы айналысатын істерінің суреттері.</p> <p><b>Барысы.</b> 1. Педагог үстелдің үстінде түрлі түсті карточкалардың төрт бағанын қояды: сары, жасыл, қызыл, көк.</p> <p>2. Педагог топтың төрт жерінде төрт такта немесе төрт үстел ұйымдастырады, онда тәулік бөліктері мен күн тәртібінің суреттері бойынша топталып жиналады.</p> <p>3. Ол орындарға Дананың күн тәртібіне сәйкес келмейтін әрекеті бейнеленген бір суреттен орналастырады.</p> <p>4. Бір орынға орналастырады (үстел, кілем, ұлкен такта) балалардың күнделікті өміріндегі күн тәртібі бойынша әрекеттерінің суреттері.</p> <p><b>Еске сақтауға арналған сездік жаттығу. «Еске сақта».</b></p> <p>Педагог:- Балалар, «Уақыт - көшкен керуен» деген макал бар. Қане, жаттап алайык. Үйлеріне барғанда айтып бересіндер.</p> <p><b>Материалды бекіту және қорытындылау.</b></p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдері, уақыт туралы түсініктері калыптасады, күн тәртібін құру қағидасын түсінеді; «ереже», «күн тәртібі» туралы түсініктерін менгереді.</p> | <p>жинаиды. Күн тәртібі мен тәулік бөліктерінде орындалатын дұрыс әрекеттерді анықтап, оған сай келмейтін әрекетті ажырату керек.</p> |
|--|--|---|

Тексерілді: 

Әдіскер А.К.Ерназарова

## «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МҚҚҚ «Балапан» МДУ

Топ: «Балдырган» ересек тобы «Балбебек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың күрүлу кезеңі 25-29қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

| Апта күні  | Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет  | Баламен жеке жұмыс   | Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналярға көнес беру жұмысы  |
|--|--|--|--|
| Жұма<br>29.09.2023ж.<br>«Балбебек»<br>ортаңғы тобы | <p>Менін жанұям мен туыстарым.<br/>Шаттық шенбері.</p> <p>«Біз көнілді баламыз!» Күнмен бірге оянамыз, Құстармен бірге ән саламыз.<br/>Қайырлы тан, қайырлы күн! Дейміз біз, күлімдейміз. Мен, мен, мен ақылды баламын!<br/>Мен сүйкімді баламын! Менін достарым көп, мен достарымды жақсы көремін!</p> <p><b>Артикуляциялық жаттығулар.</b></p> <p>Ән-ән-ән. Камба толы дән. Әжем айтқан ән. Құрып жүргін сән.</p> <p><b>Көркемсөз. Қадыр Мырза Әли «Ана тілін – арын бұл».</b></p> <p>Ана тілін біліп қой, Еркіндігін, тендігін. Ана тілін біліп қой, Мақтанышын, елдігін.<br/>Ана тілін – арын бұл, Ұятын боп тұр бетте Өзге тілдін бәрін біл, Өз тілінді құрметте!</p> <p>- Балалар мен сендерге жұмбак жасырамын, жауабын тауып көріндер. Ертегі айтып береді.</p> <p>Сені жақсы көреді. Мейірімді бұл кісі. Қандай гажап күлкісі. (Әже.)</p> <p><b>«Кім шапшан?» ойыны.</b></p> <p>Педагог: - Балалар, мен сөздерді айтып тұрамын, ал сендер сөз ішінде [-э] дыбысын естігенде кол шапалактандар.</p> <p>- Әділет, адам, дәрі, доп, этеш, ине, сәби,</p> <p>- Дина, әже, сәбіз, дәрігер.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p> <p>Жолдарына үніліп, Екі бака жүгіріп, Секіреді, бақ-бақ, Ағаштарды аттап.</p> <p>Олар ерте тұрады, Беті-қолын жуады. Онға-солға шайқалып, Бакылдайды ән салып.</p> | <p>Сурет бойынша жұмыс.</p> <p>Суретті карточкалар: бала - бақша, отбасы, ата, әже, әке, ана, аға, бауыр, іні, карындас, сінлі.</p> <p>Мнемокарточкалар: әке, ана, ата, әже, аға, апай (әпке), отбасы.</p> | <p>Көркемсөз. Қадыр Мырза Әли «Ана тілін – арын бұл».</p> <p>Ана тілің біліп қой, Еркіндігін, тендігін. Ана тілін біліп қой, Мақтанышын, елдігін.</p> <p>Ана тілін – арын бұл, Ұятын боп тұр бетте Өзге тілдін бәрін біл, Өз тілінді құрметте!</p> |

|  |  |   |   |
|--|--|---|---|
|  | <p>Судан шіркей табады, Өсіп үлкен болады. Бақ-бақ, нақ-нақ, Біздер айттық тақпак.</p> <p><b>Сурет бойынша жұмыс.</b></p> <p><b>Суретті карточкалар:</b> балабакша, отбасы, ата, әже, әке, ана, аға, бауыр, іні, карындас, сінлі.</p> <p><b>Мнемокарточкалар:</b> әке, ана, ата, әже, аға, алай (әпке), отбасы.</p> <p><b>Санамақ айту, саусақ жаттығуы</b></p> <p>Балаларға «Бесік жырын» айтып беремін.</p> <p>Әлди-әлди, бөпешім, Әлпештейтін көкешім. Тербетейін жатағой,</p> <p>Тәтті үйқыга батағой.</p> <p>Балалардан өлең жолдарынан Ә дыбысы бар қандай сөздерді естігендерін сұрау.</p> <p>Ә дыбысы бар сөздерді айтып береді. <b>ҚОРЫТЫНДЫ</b></p> <p><b>Такырыпты бекіту және қорытындылау.</b></p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> балаларға отбасы мүшелері туралы түсінік беру; күгделікті жиі кездесетін туыстық қатынасқа байланысты «аға», «әпке» сөздері, отбасы, туыстық қатынас туралы түсініктерін дамыту; Балаларға сөзді тындауды, түсінуді, отбасы мүшелері мен туыстық атауларды білдіретін барлық сөздерді дұрыс дыбыстауды, мнемокесте бойынша сөз тіркестерін құрастыруды үрету.</p>  |   |   |
| Жұма<br>29.09.2023ж.<br>«Балдырган»<br>ересек тобы | <p><b>Қазақстан – менін Отаным, мемлекеттік рәміздер.</b></p> <p><b>«Кел, салемдесейік!» жаттығуы.</b> Аудиотаспадан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны қосылады. Педагог пен балалар он колдарын жүрек тұсына қояды. Әнұранды тыңдайды. Бірінші шумағын айтады. Біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындағық. Әнұран - мемлекеттің рәмізі ретінде қабылданған салтанатты ән. Біздің Отанымыз - Қазақстан.</p> <p><b>Танғажайып сәт.</b> Педагог Алан мен достары қонакка келгенін көрсетеді. Оларды елімізben таныстырады.</p> <p><b>Бейнеролик көрсету.</b> Педагог Қазақстан оның рәміздері, ландшафты туралы бейнеролик көрсетеді. Қазақстан туралы бейнеролик. <b>Қөркемсөз.</b> Д. Әбілев «Қазақстан - Республикам менін». Әйнегі - күн, шатыры - аспан, Кен дала ... Төсі толған егін. Қөлдері күміс шашқан, Қазақстан - Республикам менін!</p> <p><b>Сурет бойынша әңгімелесу.</b> Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс «Қазақстан жайында...»</p> <p>Тапсырманы үйымдастыру үшін педагог мнемокарточка бөлімдерін әзірлейді.</p> <p>(Мемлекеттік рәміздердің элементтері мен өзге елдердің таңбасының элементтерімен коса.) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұындағы бейнелер бойынша мнемокарточкалар:- күн;- бүркіт;- ою-өрнектер;</p> <p>- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасындағы бейнелер бойынша</p> | <p>Сурет бойынша әңгімелесу.</p> <p>Мнемокарточкалар негізінде сөздік жұмыс «Қазақстан жайында...»</p> <p>Тапсырманы үйымдастыру үшін педагог мнемокарточка бөлімдерін әзірлейді:- күн;- бүркіт;- ою-өрнектер;</p> <p>- шаңырақ;</p> <p>- таңба тектес аю;- таңба тектес садақ пен жебе;- таңба</p> | <p>Көркемсөз.</p> <p>Д. Әбілев</p> <p>«Қазақстан - Республикам менін».</p> <p>Әйнегі - күн, шатыры - аспан, Кен дала ...</p> <p>Төсі толған егін.</p> <p>Қөлдері күміс шашқан, Қазақстан - Республикам менін!(жаттау)</p> |

мнемокарточкалар:- шаңырак;  
- таңба текстес аю;- таңба текстес садақ пен жебе;- таңба текстес теніздеңі шағала;- таңба текстес түйе.

**Мәтінді мәнерлеп оқу «Көрікті Қазақстан».** Педагог аудиотаспадан орташа ыргакты әуендей косады. Педагог суреттерді көрсете отырып, балаларға керекті жолдарды бірге айтуды ұсынады. Біздің даламыз - жазық. - Біздің таулар - биік. Біздің өзендер - ағысты. Теніздеріміз - балыкты. Шөлдеріміз - ыстық. Құніміз - нұрлы. Орман-тогайларымыз жапжасыл. Міне, Қазақстан осындай тамаша ел!

**Мәнерлеп оқуга арналған сөзді-ыргакты жаттығу. «Көрікті Қазақстан».** Педагог аудиотаспадан орташа ыргакты әуендей косады. Біздің даламыз - жазық, (колды екі жакка сермеу) Біздің тауларымыз - биік, (колды жоғары көтеру) Біздің өзендеріміз - ағысты, (колдармен толқын жасау) Теніздеріміз - балыкты. (колмен жүзу) Шөлдеріміз - ыстық (колды жоғары көтеру) Құніміз - нұрлы, (колмен дөңгелек жасау) Орман мен тогайларымыз жапжасыл, (орнында айналу)

Міне, Қазақстан осындай тамаша ел! (кол шапалактау)

**Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу «Еске сакта».**

«Өз елің - алтын бесігін» - Қане, жаттап алайық. Үйлеріне барғанда айтып бересіндер.

**Материалды бекіту және қорытындылау.**

**Күтілетін итіже:** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері туралы балалардың білімдері калыптасады; Отан, тұған жер туралы түсініктерін мәнгереді; Қазақстан туралы өлеңмен танысады; кіші отан, тұған өлкө туралы түсініктерінің калыптасуына ықпал жасалады.

текстес теніздеңі шағала;- таңба текстес түйе.